



Серіктестерге қызмет көрсету шартына өзгеріс

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (24.08.2020 ж. №2020/08-58 хаттама) Серіктестерге қызмет көрсету шартына (бұдан әрі – Шарт) 01.10.2024ж. бастап Клиент үшін жақсарту жағына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Шарттың 6-қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1.1. Шарттың 6-қосымшасының 8.3-тармағы мен 10.2-тармағының төртінші бөлігінде «отыз» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын.

1.2. Шарттың 6-қосымшасының 8.3-тармағы мынадай редакциядағы оныншы бөліммен толықтырылсын:

«• Берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыға Мобильді қосымша арқылы немесе Қарыз алушының Телефон нөмірі арқылы коллекторлық агенттіктің атауы, орналасқан жері, борышкерлермен байланыс орнату үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлері көрсетілген СМС-хабарлама жіберу арқылы хабарлауға міндеттенеді».

2. Шарттың 7-қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2.1. Шарттың 7-қосымшасының бүкіл мәтіні бойынша «жиырма» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын.

2.2. Шарттың 7-қосымшасының 8.3-тармағы мынадай редакциядағы 8) тармақшамен толықтырылсын: «8) сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берешекті берген күні бұл туралы Қарыз алушыны Ұтқыр қосымша арқылы немесе коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, борышкерлермен байланыс жасау үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, Ұтқыр нөмір бойынша СМС хабарлама жіберу жолымен хабардар етуге міндетті.».

3. Шарттың 7.1-қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3.1. Шарттың 7.1-қосымшасының бүкіл мәтіні бойынша «жиырма» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын.

3.2. Шарттың 7.1-қосымшасының 8.3-тармағы мынадай редакциядағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берешекті берген күні бұл туралы Қарыз алушыны Ұтқыр қосымша арқылы немесе коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін, борышкерлермен байланыс жасау үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлерін көрсете отырып, Ұтқыр нөмір бойынша СМС хабарлама жіберу жолымен хабардар етуге міндетті.».

4. Шарттың 10-қосымшасы осы өзгерістердің № 1 қосымшасына сай редакцияда жазылсын.
